

"Мәдениет статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 1 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 2 ақпандағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 ақпанда № 22158 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мәдениет статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 1 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19899 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 24 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағының 24) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

15 және 16-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Статистикалық процестерді дамыту департаменті Заң Департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Статистикалық процестерді дамыту департаменті осы

бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Басшы

Н. Айдапкелов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

Басшысының
2021 жылғы 2 ақпандағы
№ 5 бұйрығына
1-қосымша



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Мемлекеттік с
құпиялығына
Конфиденциал
органами госуд
Жалпымемлеке
байқаудың ст
Статистическ
общегосударств
наблюдения

К и н е м а т о г р а ф и я л ы қ

ұ й ы м н ы ң

қ ы з м е т і

Отчет о деятельности кинематографической организации

И н д е к с і

1-кино

ж ы л д ы қ

есепті

Индекс

годовая

отчетный п

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес негізгі немесе қосалқы қызмет түрлері – телевизиялық бағдарламаларды шығару бойынша қызмет", 59.13.0 "Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарла 59.14.0 "Кинофильмдер көрсету бойынша қызмет" болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымды

к ә с і п к е р л е р

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, индивидуальные предприниматели деятельности согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности – код 59.11.0 "Деятельность по телевизионным программам", 59.13.0 "Деятельность по распространению кино-, видеофильмов и телевизионных программ кинофильмов"

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 23 қаңтарға
Срок представления – до 23 января (включительно) после отчетного периода

БСН		ЖСН	
коды	<input type="text"/>	коды	<input type="text"/>
код	<input type="text"/>	код	<input type="text"/>
БИН		ИИН	

1 Қызмет көрсетілген өңірді көрсетіңіз (облыс, қала, аудан)

Укажите регион оказания услуг (область, город, район)

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)

1.1 Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом статистической формы на бумажном носителе)

2. Кинотеатрлар санын және олардың ауданын көрсетіңіз

Укажите число кинотеатров и их площадь

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	Одан – ауылдық жерлер Из них – сельская местность
А	Б	1	2
1	Кинотеатрлар саны, бірлік Число кинотеатров, единиц		
	с о н ы ң в том числе:	х	х
1.1	жабық кинотеатрлар крытые кинотеатры		

	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :		
1.1.1	1 с 1 экраном	э к р а н д ы		
1.1.2	2 - 7 с 2-7 экранами	э к р а н д ы		
1.1.3	8 және одан да көп экранды (көпзалды) с 8 и более экранами (многозальные)			
1.2	басқа да другие кинотеатры	кинотеатрлар		
	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	х	х
1.2.1	видеокөріністі с использованием видеоизображения	пайдаланумен		
1.2.2	басқа да аппаратураны с использованием другой аппаратуры	пайдаланумен		
2	1.1 жолдан бастап жабық цифрлық кинотеатрлардың саны к ө р с е т і л е д і Из строки 1.1 число крытых цифровых кинотеатров			
3	Кинотеатрлардың жалпы аумағы, шаршы метр Общая площадь кинотеатров, квадратных метров			

3. Кино көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің негізгі сипаттамаларын көрсетіңіз, бірлік

Укажите основные характеристики деятельности организаций, осуществляющих кинопоказ, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	атауы	Барлығы Всего	Одан – ауылдық жерлер Из них – сельская местность
А	Б		1	2
1	Кинотеатрлардағы кинозалдар саны Число кинозалов в кинотеатрах			
1.1	одан: жабық кинотеатрлардағы кинозалдар саны из них: число кинозалов в крытых кинотеатрах			
1.1.1	одан: көп залды жабық кинотеатрларда из них: в многозальных крытых кинотеатрах			
1.2	одан: жабық кинотеатрлардағы цифрлық кинозалдар из н и х : цифровые кинозалы в крытых кинотеатрах			
1.2.1	одан: көп залды жабық кинотеатрларда из них: в многозальных крытых кинотеатрах			
2	Кинозалдардағы орындар саны Число мест в кинозалах			
2.1	одан: жабық кинотеатрлардағы орындар саны из них: число мест в кинозалах крытых кинотеатров			
2.1.1	одан: көп залды жабық кинотеатрларда из них: в многозальных крытых кинотеатрах			

3	Тұрақты киноқондырғылар саны Число стационарных киноустановок		
4	Жылжымалы киноқондырғылар саны Число передвижных киноустановок		
5	Кино көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдардың нақты бары Наличие организаций, осуществляющих кинопоказ		

4. Киносеанстар санын, келушілер санын және көрсетілген қызметтерден түскен табыстарды көрсетіңіз

Укажите число киносеансов, число посетителей и доходы от оказанных услуг

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	Одан – толық метражды фильмдер Из них – полнометражные фильмы	Ауылдық жерлер Сельская местность	
				барлығы всего	одан - толық метражды фильмдер из них – полнометражные фильмы
А	Б	1	2	3	4
1	Киносеанстар саны, бірлік Число киносеансов, единиц				
	соның ішінде: в том числе:	х	х	х	х
1.1	ұлттық фильмдер национальные фильмы				
1.2	бірлесіп шығарылған фильмдер фильмы совместного производства				
1.3	шетелдік фильмдер зарубежные фильмы				
2	Келушілер саны, адам Число посетителей, человек				
	соның ішінде: в том числе:	х	х	х	х
2.1	ұлттық фильмдер национальные фильмы				
2.2	бірлесіп шығарылған фильмдер фильмы совместного производства				
2.3	шетелдік фильмдер зарубежные фильмы				
3	Көрсетілген қызметтерден түскен табыстар, мың теңге Доход от оказанных услуг, тысяч тенге				
	соның ішінде: в том числе:	х	х	х	х
3.1	ұлттық фильмдер национальные фильмы				

3.2	бірлесіп шығарылған фильмдер фильмы совместного производства			
3.3	шетелдік фильмдер зарубежные фильмы			

5. Киносеансқа келуші балалар санын көрсетіңіз

Укажите число детей, посетивших киносеансы

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	Одан – ауылдық жерлер Из них – сельская местность
А	Б	1	2
1	Балаларға арнап өткізілген киносеанстар саны, бірлік Число проведенных киносеансов для детей, единиц		
2	Көрермендер саны–балалар, адам Число посетителей – детей, человек		

6. Фильмді шығарушы ел бойынша көрсетілген толық метражды фильмдерге келушілер санын көрсетіңіз. Келушілер саны жетекші 5 ел бойынша азаюы тәртібінде көрсетіледі, адам

Укажите число посещений демонстрировавшихся полнометражных фильмов по стране производства фильма. Число посетителей указывается в порядке убывания 5-ти ведущих стран, человек

Жол коды Код строки	Көрсетілген толық метражды фильмдерді шығарған ел Страна происхождения показанных полнометражных фильмов	Көрермендер саны Число посетителей
А	Б	1
1		
2		
3		
4		
5		

7. Алғашқы көрсетілген 10 толық метражды фильмгекелуі бойынша көрсетіңіз

Укажите 10 первых показанных полнометражных фильмов по посещаемости

Жол коды Код строки	Түпнұсқаның атауы Название оригинала	Шығарған ел Страна происхождения	Түпнұсқа тілі Язык оригинала	Фильмнің типі Тип фильма	Келушілер саны, адам Число посетителей, человек
А	Б	В	Г	Д	1
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					

8. Көрсетілген толық метражды фильмдердің саны, бірлік

Укажите число показанных полнометражных фильмов, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	С о н ы ң В том числе і ш і н д е		
			ұлттық фильмдер национальные фильмы	бірлесіп шығарылған фильмдер фильмы совместного производства	шетелдік фильмдер зарубежные фильмы
А	Б	1	2	3	4
1	Көрсетілген толық метражды фильмдердің саны–барлығы Число показанных полнометражных фильмов – всего				
1.1	соның ішінде: алғашқы қойылымдар из них: премьерных показов				

9. Прокатқа жіберілген фильмдер санын көрсетіңіз, бірлік

Укажите число запущенных в прокат фильмов, единиц

Жол Код строки	Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Барлығы Всего
А	Б	1
1	Прокатқа жіберілген фильмдердің саны Число запущенных в прокат фильмов	

10. Жасап шығарылған фильмдердің түрлері бойынша санын көрсетіңіз, бірлік

Укажите число созданных фильмов по видам, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	С о н ы ң В том числе і ш і н д е	
			толық метражды полнометражные	қысқа метражды короткометражные
А	Б	1	2	3
1	Жасап шығарылған фильмдер саны Число созданных фильмов			
	соның ішінде: в том числе:	х	х	х
1.1	о й ы н игровые			
1.2	д е р е к т і документальные			
1.3	а н и м а ц и я л ы қ анимационные			
1.4	х р о н и к а л ы қ хроникальные			

11. Шығару типі бойынша жасап шығарылған фильмдер санын көрсетіңіз, бірлік

Укажите число созданных фильмов по типу производства, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	С о н ы ң В том числе	
			толық метражды полнометражные	қысқа метражды короткометражные
А	Б	1	2	3
1	Жасап шығарылған фильмдер саны Число созданных фильмов			
	с о н ы ң в том числе:	х	х	х
1.1	ұлттық национальное производство			
1.2	бірлескен совместное производство			
	с о н ы ң в том числе:	х	х	х
1.2.1	мажоритарлық мажоритарный			
Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	С о н ы ң В том числе	
А	Б	1	2	3
1.2.2	миноритарлық миноритарный			
1.2.3	паритеттік паритетный			

12. Шығару тәсілі бойынша жасап шығарылған ұлттық толық метражды фильмдер санын көрсетіңіз, бірлік

Укажите общее число созданных национальных полнометражных фильмов по способу производства, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего
А	Б	1
1	Ұлттық толық метражды фильмдер саны Число национальных полнометражных фильмов	
	с о н ы ң в том числе:	х
1.1	цифрлық цифровые носители	жеткізгіште
1.2	цифрлық нецифровые носители	емес жеткізгіште

13. Түпнұсқасының тілі бойынша жасап шығарылған ұлттық толық метражды фильмдер санын көрсетіңіз, бірлік

Укажите число созданных национальных полнометражных фильмов по языку оригинала, единиц

--	--	--

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	атауы	Барлығы Всего
А	Б		1
1	Ұлттық толық метражды фильмдер саны Число национальных полнометражных фильмов		
	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	х
1.1	қ а з а қ ш а казахский		
1.2	о р ы с ш а русский		
1.3	к ө п многоязычные	т і л д е	
Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	атауы	Барлығы Всего
А	Б		1
1.4	б а с қ а д а другие языки	т і л д е р д е	
2	Видео-форматта құрылған ұлттықтолық метражды фильмдер саны Число национальных полнометражных фильмов, созданных в видео-формате		
	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	х
2.1	қ а з а қ ш а казахский		
2.2	о р ы с ш а русский		
2.3	к ө п многоязычные	т і л д е	
2.4	б а с қ а д а другие языки	т і л д е р д е	

14. Бірлесіп толық метражды фильмдер жасап шығарған алғашқы он жетекші елді көрсетіңіз, бірлік

Перечислите десять ведущих стран, с которыми совместно создавали полнометражные фильмы, единиц

Жол коды Код строки	Шығарған ел Страна происхождения	Бірлесіп шығарылған толық метражды фильмдер саны Число совместно созданных полнометражных фильмов
А	1	2
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		
8		

9		
10		

15. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Атауы

Мекенжайы (респонденттің)

Наименование _____

Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің) _____

Телефон(респондента)

стационарлық

ұялы

Стационарный

мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының) фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо,

исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:Примечание:Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табыладыПредставление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан от 5 июля 2014 года "Об административных правонарушениях"

Басшысының
2021 жылғы 2 ақпандағы
№ 5 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 20 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
16-қосымша

"Кинематографиялық ұйымның қызметі туралы есеп" (индексі 1-кино, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Кинематографиялық ұйымның қызметі туралы есеп" (индексі 1-кино, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Кинематографиялық ұйымның қызметі туралы есеп" (индексі 1-кино, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда және Қазақстан Республикасының "Кинематография туралы" 2019 жылғы 3 қаңтардағы Заңында айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) анимациялық фильм – графикалық әдістерді және бейнелеу өнері тәсілдерін, сондай-ақ компьютерлік графика мүмкіндіктерін пайдалану жолымен қимылдарды және көріністерді жандандыра отырып жасалатын фильм;

2) бірлесіп жасалған фильм – өндірісі шетелдік жеке және (немесе) заңды тұлғалардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының және (немесе) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының қатысуымен жүзеге асырылатын фильм;

3) деректі фильм – режиссер операторлық өнер, монтаждық құрау құралдарымен және басқа да құралдармен түсіндіретін өзекті оқиғалар, шындық фактілері жинақталып көрсетілген сценарий желісінің негізінде жасалатын фильм;

4) қысқа метражды фильм – ұзақтығы елу екі минутқа жетпейтін фильм;

5) ойын фильмі – сценарийдің негізінде жасалатын және актер ойыны, режиссура, операторлық өнер, қоюшы-суретшінің, композитордың және киноматография саласындағы басқа да қатынастар субъектілерінің шығармашылығы құралдарымен іске асырылатын фильм;

6) толық метражды фильм – ұзақтығы елу екі минуттан кем емес фильм;

7) фильм – шығармашылық ниеттің негізінде жасалған, жеткізгіште жазылған және біртұтас тақырыпқа біріктірілген бейнеден және дыбыстық сүйемелдеуден тұратын дыбыстау-бейнелеу туындысы;

8) фильм шығару – нәтижесінде фильм жасалатын, автордың шығармашылық ниетін іске асыру процесі;

9) хроникалық фильм – өзекті оқиғалар мен шындық фактілері тіркелген фильм.

3. 2-бөлімнің 1-жолында бөлек тұрған ғимараттарда, сауда орталықтары, ойын-сауық кешендері және үй-жайлар аумағында орналасқан кинотеатрлар саны көрсетіледі. Жабық кинотеатрларға проекторлар арқылы 35 миллиметрлік (бұдан әрі – мм) пленкада фильмдерді көрсетуге арналған стационарлық коммерциялық құрылыстар жатады.

1.1.1, 1.1.2, 1.1.3-жолдарда 1, 2 - 7 және 8 экранды жабық кинотеатрлардың саны көрсетіледі. Көп залды кинотеатрларға 8 және одан да көп экраны бар және экрандардың барлық типтерін қамтитын кинотеатрлар жатады.

1.2.1, 1.2.2-жолдарда видеокөріністі немесе басқа аппаратураны пайдаланатын кинотеатрлар көрсетіледі. Оларға бейне-проекциялық жабдықты немесе 16 мм және одан да жұқа проекциялық жабдықты пайдаланатын коммерциялық имараттар, арт-хаустар, жылжымалы кинотеатрлар және автокинотеатрлар сияқты ашық кинотеатрлар көрсетіледі.

2-жолда жабық цифрлық кинотеатрлар саны көрсетіледі. Цифрлық кинотеатр – кинематографиялық немесе аудиовизуалды туындыларды цифрлық форматта көрсету үшін жабдықталған орын. Цифрлық проекциялық жабдығы бар кинотеатрлардың дәстүрлі кинопленкалардағы (35 мм) сияқты мөлшерде және бірдей сапада көріністерді көрсету мүмкіндігі бар. Фильмнің көшірмесі серверде сақталатын цифрлық файлға ауыстырылады. Кинотеатр цифрлық деп қарастырылады, егер көріністердің көлденең рұқсаттылығы 1300 пиксель кем емес қолданылса.

3-жолда ойын-сауық кешендерінде және сауда орталықтарында орналасқан кинотеатрлардың алаңы көрсетіледі, жекеменшік те және жалға алынған алаң да кіреді.

4. 3-бөлімнің 1.2-жолында кинопенка арқылы өткізбей экранға тікелей жарық беру үшін цифрлық проекциялық жабдығымен экраны бар жабық кинотеатрлардағы цифрлық кинозалдар көрсетіледі.

3-жолда көрермендер залынан бөлектенген арнайы жабдықталған үй-жай киноаппаратқа тұрақты орнатылған аппаратурасы бар стационарлық киноқондырғылар есепке алынады.

4-жолда тек фильмдерді көрсету уақытында ғана орналастырылатын аппаратурасы бар жылжымалы киноқондырғылар көрсетіледі.

5-жолды заңды тұлға мәртебесі берілген жекелеген құрылымдық бірліктер болып табылатын, жабық және басқа да кинотеатрларда кино көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар толтырады.

5. 4-бөлімнің 1-жолында белгілі бір уақыт аралығында үзіліссіз жүзеге асырылатын толық метражды немесе қысқа метражды фильмдердің белгілі бағдарламасының бір реттік көрсетілімі жататын киносеанстар есепке алынады. Көрсетілген екі сериялы толық метражды фильмдерді есепке алуда әрбір серия көрсетілім болып есептеледі.

1.1, 2.1, 3.1-жолдарда Қазақстан Республикасының "Кинематография туралы" 2019 жылғы 3 қаңтардағы Заңына сәйкес ұлттық деп танылған ұлттық фильмдер көрсетіледі.

Фильм мынадай негіздердің жиынтығы кезінде ұлттық болып танылады:

1) егер фильм жоғары көркемдік деңгейде жасалса, халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті болса, мемлекеттік мүдделерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кино өнері арқылы танылуына қызмет етсе;

2) фильмдерді шығару, тарату және көрсету кезінде смета бойынша жұмыстардың жалпы көлемінің кемінде жетпіс пайызын Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген кинематографиялық ұйымдар жүзеге асырса;

3) Қазақстан Республикасының азаматы және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлға фильмнің продюсерлері болып табылса;

4) фильм авторларының (сценарий авторы, қоюшы-режиссер, қоюшы-оператор, қоюшы-суретші, музыкалық туындының авторы) құрамына Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдардың кемінде елу пайызы кірсе.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес шетелдік кинематографиялық ұйымдармен бірлесіп түсірілген фильм ұлттық деп танылуы мүмкін.

Ұлттық деп танылған фильмге ұлттық фильмнің куәлігі беріледі.

1.2, 2.2, 3.2-жолдарда бірлесіп шығарылған фильмдер көрсетіледі.

1.3, 2.3, 3.3-жолдарда ресейлік және шетелдік фильмдер есепке алынады. Қазақстан Республикасына жалға беру және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) үшін әкелінген (жеткізілген) фильмдер шетелдік фильмдерге жатады.

2-жолда келушілер саны фильмдерге сатылған билеттер саны және қайырымдылық киносеанстарына келушілер саны бойынша анықталады.

3-жолда көрсетілген қызметтерден түскен табыстарға кинофильмдерге билеттерді сатудан түскен ақша жиынтығы және кино көрсетілімді жүзеге асыратын ұйымдар өткізген іс-шаралардан (оқушыларға арналған абонементтер бойынша өткізілген дәрістерден, кинотеатрдың меншігі болып табылатын ойын автоматтарынан түскен қаражаттар және өз күштерімен өткізген іс-шаралардан) түскен ақша жиынтығы кіреді.

6. 5-бөлімде балаларға арналған киносеанстар саны және көрермен балалар саны көрсетіледі. Балаларға он бес жасқа дейінгі адамдар жатады.

7. 6-бөлімді толтыру кезінде бірлесіп шығарылған көрсетілген фильмдер шыққан жері біреу ретінде көрсетіледі. Көрсеткіш фильмді шығаруға көп үлес қосқан елдің алатын орнына негізделуі немесе кинопрокатшылардың шығарған елді көрсетуіне негізделеді.

8. 7-бөлімде алғашқы 10 толық метражды фильмнің атауы фильмге келуі бойынша азаю тәртібімен көрсетіледі, фильмнің шыққан елі, түпнұсқа тілі және фильмнің типі (көркемдік, анимациялық, деректі, хроникалық) көрсетіледі.

9. 8-бөлімнің 1-жолында жыл бойы көрсетілген толық метражды фильмдердің саны көрсетіледі. Әр фильм тек бір рет есепке алынады. Көшірмелер немесе проекциялар (көрсетілімдер) саны туралы деректер көрсетілмейді.

1.1-жолда толық метражды фильмдердің алғашқы көрсетілімдерінің саны көрсетіледі. Толық метражды фильмнің алғашқы қойылымы толық метражды фильмнің кинотеатрда есепті жылы алғашқы жария көрсетілуі.

10. 9-бөлімнің 1-жолында кинопрокат ұйымдары прокатқа жіберген фильмдердің саны көрсетіледі. Толық метражды фильмдерді сатумен, жалға берумен, прокатқа тапсырумен немесе кинотеатрлармен алмасумен айналысатын коммерциялық кәсіпорын кинопрокат ұйымы болып табылады. Компаниялар толық метражды фильмдердің маркетингісімен және нарықта ілгерлетумен, табысты жинаумен және олардың прокаттарымен айналыса алады. Бұл бөлімді тек негізгі қызмет түрі 59.13.0 – кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар тарату бойынша қызмет көрсететін ұйымдар толтырады.

11. 10 – 14-бөлімдерді кинофильмдер шығару саласында қызметті жүзеге асыратын субъектілер толтырады.

Толық метражды фильмдерді шығару үш кезеңді қамтиды:

1) түсірілімге дайындық (фильмге авторлық құқық, қаржыландыру және тарату, дайындық процесстері (сценарий жазу және кадрлау), рөлдерді бөлу және түсірілім тобын іріктеу);

2) шығару (шығару жобасы, ұйымдастыру және түсірілімдер);

3) түсірілімнен кейінгі жұмыстар (таспаны өңдеу және арнаулы эффектiлер, бейне монтажы, жазба және дыбыс пен саз монтажы).

10-бөлімде шығарылған толық метражды және қысқа метражды көркем, деректі және анимациялық фильмдер саны толтырылады. Фильмдерді есепке алу көпшілікке көрсету, теледидар эфирінде трансляциялау мақсатында прокатқа беру сәтінде жүргізіледі.

12. 11-бөлімде ұлттық және бірлесіп шығарылған фильмдер көрсетіледі.

Келесі негіздемелердің жиынтығы болғанда фильм:

1.1-жолда ұлттық өндірістің фильмдері көрсетіледі.

1.2.1-жолда мажоритарлық бірлескен шығарылым – қазақстаннан шыққан өндірушілер қаржыландырудың үлкен үлесін ұсынатын толық метражды фильмді шығару көрсетіледі.

1.2.2-жолда миноритарлық бірлескен шығарылым – қазақстаннан шыққан өндірушілер қаржыландырудың аз үлесін ұсынатын толық метражды фильм шығару көрсетіледі.

1.2.3-жолда паритетті бірлескен шығарылым – қаржыландыру тең бөлінетін екі немесе одан да көп қазақстандық және шет елдік өндірушілерді тартумен толық метражды фильм шығару көрсетіледі.

13. 12-бөлімде шығару тәсіліне қарай жасап шығарылған толық метражды фильмдер саны көрсетіледі.

14. 13-бөлімде толық метражды фильмнің түпнұсқасында пайдаланылған тілі бойынша жасап шығарылған фильмдер саны көрсетіледі.

1.3-жолда көп тілді толық метражды фильмдер көрсетіледі. Жасап шығару барысында екі немесе одан да көп тіл пайдаланылған.

2-жолда видео-форматта жасап шығарылған толық метражды фильмдер саны көрсетіледі. Видео-форматтағы толық метражды фильм - ұзақтығы 60 және одан асатын минутты видео-форматта ғана жасап шығарылған және кинотеатрларға прокаттауға арналмаған фильм. Видео-формат видео дискілердің (DVD, VCD) барлық форматтарын, сондай-ақ рұқсаттылығы жоғары (HD DVD, Blu-Ray disc) дискілерді және таспадағы (VHS) видео-жазбаларды қамтиды.

15. 14-бөлімде толық метражды фильмдерді шығарушылар толық метражды фильмдерді бірлесіп шығарған жетекші он ел көрсетіледі.

16. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен

бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

17. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

18. Ескерту: x – бұл позиция толтырылмайды.

19. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

1-баған \geq 2-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жол \geq 1.1-жолдан әрбір баған үшін;

1-жол = 1.1, 1.2-жолдардың \sum , әрбір баған үшін;

1.1-жол = 1.1.1-1.1.3-жолдардың \sum , әрбір баған үшін;

1.1-жол \geq 1.1.4-жолдан әрбір баған үшін;

1.2-жол = 1.2.1, 1.2.2-жолдардың \sum , әрбір баған үшін.

2) 3-бөлім:

1-баған \geq 2-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жол \geq 1.1-жолдан әрбір баған үшін;

1.1-жол \geq 1.1.1-жолдан әрбір баған үшін;

1-жол \geq 1.2-жолдан әрбір баған үшін;

1.2-жол \geq 1.2.1-жолдан әрбір баған үшін;

2-жол \geq 2.1-жолдан әрбір баған үшін;

2.1-жол \geq 2.1.1-жолдан әрбір баған үшін.

3) 4-бөлім:

1-жол = 1.1, 1.2-жолдардың \sum , әрбір баған үшін;

2-жол = 2.1, 2.2-жолдардың \sum , әрбір баған үшін;

3-жол = 3.1, 3.2-жолдардың \sum , әрбір баған үшін;

1-баған \geq 2-бағаннан, әрбір жол үшін;

2-баған \geq 4-бағаннан, әрбір жол үшін;

3-баған \geq 4-бағаннан, әрбір жол үшін;

1-баған \geq 3-бағаннан, әрбір жол үшін.

4) 5-бөлім: 1-баған \geq 2-бағаннан, әрбір жолдар үшін.

5) 8-бөлім:

1-жол = 1.1-бағандардан әрбір баған үшін;

1-баған = 2, 3-бағандардың \sum , әрбір жолдар үшін.

б) 10-бөлім:

1-баған = 2, 3-бағандардың \sum , әрбір жолдар үшін;

1-жол = 1.1-1.3-жолдардың Σ , әрбір баған үшін.

7) 11-бөлім:

1-баған = 2, 3-бағандардың Σ , әрбір жол үшін;

1-жол = 1.1, 1.2-жолдардың Σ , әрбір баған үшін;

1.2-жол = 1.2.1-1.2.3-жолдардың Σ , әрбір баған үшін.

8) 12-бөлім: 1-жол = 1.1, 1.2-жолдардың Σ .

9) 13-бөлім:

1-жол = 1.1-1.4-жолдардың Σ ;

2-жол = 2.1-2.4-жолдардың Σ .